


**А, Ш, Л, У, Н дыбыстары мен әріптерін тану, оқу**

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат



- ✓ А, Ш, Л, У, Н дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлемдерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлемдерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты әртүрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.

Бағалау шарты: 🍌 -“Тапсырманы толық орындадым.”  
 🤔 -“Сұрақтарым бар.”

Күлегештің соңындағы -тың ішіне  белгісін қоямыз.

**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.

**2-тапсырма.** Берілген дыбыстарды өз ұяшығына орналастырып жазайық.

А, Ш, Л, У, Н.

Дауысты

Дауыссыз

**3-тапсырма.** Буындарды оқып, жаттап алайық.

ша    шу    ла    лу    на    ну    уа


Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзінді бағала: 🍌  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Буындардан сөз құрап оқиық.



**2-тапсырма.** Сурет бойынша сөйлем құрап айтайық.



а


ш а ш

л

у

н а н

**3-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөйлемдерді оқып, үстінен басып жазайық.



**4-тапсырма.** Берілген сөздердегі дауысты дыбысты ■ өңмен, дауыссыз дыбысты ■ өңмен бояйық.

ш а н а

а л ш а

н а н

а н а

**5-тапсырма.** Мақалды жаттап алайық.

Дәнді шашпа,  
Нанды баспа.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала:

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Қатесіз, таза, көркем көшіріп жазайық.


Ал, аш, ауа, ана, алау, шалу, аула, шашу, алаш, Алла, шашал, алаша, шула, шаш,  
Науан, анау, алуан.  
Алуа, шашу шаш. Науан, нан ал.



**2-тапсырма.** Суреттердің атаулары қай әріптен басталған? Сызық арқылы қосайық.



А Ш Л У Н



**3-тапсырма.** Жаңылтпаштарды жаттап алайық.

Омартаға балалар барар,  
Балаларды аралар талар.

Ошақта от жоқ,  
Шоқ жоқ, от жақ.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

**Ана тілі – 1**


**А, Ш, Л, У, Н дыбыстары мен әріптерін тану, оқу**

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Әріптерден суреттегі заттардың атын тауып, бояйық.

а	у	н	ш	л
н	а	л	а	у
у	л	ш	а	ш
ш	а	л	ш	л
л	а	н	а	ш
а	ш	л	у	н



**2-тапсырма.** Сөздерді қатесіз, дұрыс оқиық.

ау	шаш	а - ша	Ал - ла	ау - ла	шан - шу
аш	нан	а - ла	ша - ша	ша - лу	шу - лау
ал	шау	а - на	ша - ла	шу - ла	ша - шал
шу	шал	а - уа	ал - ша	ша - шу	ау - нау
ну	уан	а - шу	ша - на	а - лау	На - уан
		а - лу	а - лу - а	а - нау	а - лу - ан

**3-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді жатқа жазайық.

Анау – Алуа. Алуа – ана. Ал, анау – Науан. Анау – нан.  
Алуа, нан ал. Ал, анау – шана. Науан, шана ал.

Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal lines with a dashed midline and a solid top line, each set starting with a diagonal line.

**4-тапсырма.** Сөздердің бір әрпін алып тастап, қандай сөз шыққанын жазайық.

ала – ал                      аша – .....                      шашу – .....  
ауа – .....                      анау – .....                      шала – .....

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат                      Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сурет мазмұны бойынша сөйлем құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Суреттерде жасырылған әріптерді тауып, бояйық.



**3-тапсырма.** Л әрпі кіріскен сөздерді бояйық.


- |      |       |       |      |      |
|------|-------|-------|------|------|
| Алла | Науан | алуан | шула | шашу |
| шана | аула  | шаншу | Алуа | ауна |

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат



- ✓ Р, Й, Т, О, С дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты әртүрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.


**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.

Pr  
Йй  
Тт  
Оо  
Сс


**2-тапсырма.** Берілген дыбыстарды өз ұяшығына орналастырып жазайық.

А, Ш, Л, У, Н, Р, Й, Т, О, С.

Дауысты



Дауыссыз



**3-тапсырма.** Буындарды оқып, жаттап алайық.

та	ту	то	ра	ру	ро	на	ну	но	ша
	шу	шо	ла	лу	ло				

**4-тапсырма.** Сурет бойынша сөйлем құрап айтайық.






Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат
Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат


**1-тапсырма.** Буындардан сөз құрап оқиық.



**2-тапсырма.** Сөздерді айтқанда, соңында қандай дыбыс естіліп тұрғанын тауып, дөңгелектейік.

(тон)	(арал)	(сонау)	(айна)																		
<table border="1"><tr><td>н</td><td>т</td><td>о</td><td>у</td></tr></table>	н	т	о	у	<table border="1"><tr><td>л</td><td>а</td><td>а</td><td>р</td></tr></table>	л	а	а	р	<table border="1"><tr><td>н</td><td>а</td><td>о</td><td>у</td><td>с</td></tr></table>	н	а	о	у	с	<table border="1"><tr><td>а</td><td>й</td><td>а</td><td>н</td><td>о</td></tr></table>	а	й	а	н	о
н	т	о	у																		
л	а	а	р																		
н	а	о	у	с																	
а	й	а	н	о																	

**3-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын жазайық.



Handwriting practice lines with five slanted lines for writing the names of the objects shown in the images above.

**4-тапсырма.** Өлеңді жаттап алайық.

**Бұл қай әріп?**

Бастайды ол «**таңды**» да,

Бастайды ол «**талды**» да.

Келіп тұрған қай әріп,

«**Тау**» мен «**тастың**» алдында?

**Шешуі:** .....

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат	Өзіңді бағала: 😊 <input type="checkbox"/> 😐 <input type="checkbox"/>
---	--

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Мәтінді қатесіз, дауыстап оқиық.

### Сай-сала

Сонау тау аласа. Сай-сала – су. Айнала – тау-тас. Анау – аттар. Ала тай асау. Анау – Сара. Ал, анау – Солтан. Сара, арасаннан су ал. Солтан, суаттан ат суар.

**2-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, тиісті суретке сәйкестіріп сызайық.



Сонау тау аласа.

Асан, ат суар.

Ала тай асау.

Айна, сан сана.

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді қатесіз, таза, көркем жазайық.

*Раушан, шар ал. Санай, сан сана.*

*Анау – ала тай. Орал, шортан аула.*

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат


Өзіңді бағала: 😊  🤔



Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Мәтінді үстінен басып жазайық.



**2-тапсырма.** Берілген сөздердегі дауысты дыбысты ■ өңмен, дауыссыз дыбысты ■ өңмен бояйық.

А й н а ш

Т о р т а й

С а й л а у

**3-тапсырма.** Сөздерді қатесіз, дұрыс оқиық.


ар	сай	айт	о - та	а - рал	ар - ша
ай	тас	арт	о - ра	а - нар	ар - на
ат	шай	ант	а - та	а - тай	ар - ту
ас	лай	тон	а - ра	а - тау	ту - ра
от	тал	тор	а - са	О - тан	ор - та
ой	тай	той	о - та	о - лар	та - са

**4-тапсырма.** Әріптерден сөз құрап оқып, әртүрлі өңмен бояйық.

ш	с	л	а	н	р	о	й
у	т	о	н	ш	а	т	с
а	р	а	л	с	о	й	т
р	о	ш	с	о	й	а	р
а	л	а	й	й	а	н	а
л	а	т	а	о	й	л	а

**5-тапсырма.** Суреттерді пайдаланып, сөзжұмбақты шешейік.

Шешуін кірістіріп, сөйлем құрап айтайық.



5



1



3



4



6



2

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді жатқа жазайық.

Анау – Орал. Орал, шортан аула. Ал, анау – Талант. Талант, тай суар. Тортай, Нартай – достар. Олар тату. Айша, айран ал. Айнаш, шай ал.

Handwriting practice lines consisting of four columns of slanted lines. Each column has a solid top line, a dotted middle line, and a solid bottom line.

**2-тапсырма.** Суреттің мазмұны бойынша шағын мәтін құрап айтайық.



**3-тапсырма.** Артық сөзді тауып, астын сызайық.

тау

ауа

бау


сау

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔


Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат





- ✓ Ы, Д, М, Е, Б дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты әртүрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.

**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.



**2-тапсырма.** Берілген дыбыстарды өз ұяшығына орналастырып жазайық.

А, Ш, Л, У, Н, Р, Й, Т, О, С, Ы, Д, М, Е, Б.



**3-тапсырма.** Сөздерді айтқанда, соңында қандай дыбыс естіліп тұрғанын тауып, дөңгелектейік.

(тырна)	(адал)	(орман)	(адам)
<span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">р</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">ы</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">а</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">н</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">т</span>	<span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">а</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">л</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">д</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">а</span>	<span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">н</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">о</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">р</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">м</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">а</span>	<span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">а</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">а</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">м</span> <span style="border: 1px solid black; padding: 2px;">д</span>

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

1-тапсырма. Буындарды оқып, жаттап алайық.

	ш	л	н	р	т	с	д	м
а	ша	ла	на	ра	та	са	да	ма
у	шу	лу	ну	ру	ту	су	ду	му
о	шо	ло	но	ро	то	со	до	мо
е	ше	ле	не	ре	те	се	де	ме

2-тапсырма. Суреттердің атауын жазып, сөйлем құрап айтайық.



3-тапсырма. Берілген сөздерді қатесіз, таза, көркем жазайық.

ыдыс

маймыл

ешен

4-тапсырма. «Немере» сөзінде неше дауысты дыбыс бар?

а. 1

ә. 2

б. 3

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Мәтінді қатесіз, дауыстап оқиық.

**Шеберлер**

Ерен атай – шопан. Ол елуден асты. Орден алды. Айнаш шешей – сауыншы. Ол терме тере алады. Ал, Елеш пен Ердос – немере. Олар – тетелес. Елеш сурет салады. Ердос еден сырлайды. Олар да шебер балалар.

**2-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді қатесіз, таза, көркем жазайық.

*Байсал мен Бораиш бұлттыр ауылда болды.*

*Балалар демалыста бастау басына барды.*

**3-тапсырма.** Әріптерден суреттегі заттардың атын тауып, әртүрлі өңмен бояйық.



ш	у	с	о	р	д	е	н
ы	о	р	а	м	а	л	д
н	л	а	б	й	о	у	е
ы	р	у	м	е	б	ш	т
й	о	м	а	й	м	ы	л

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді толықтырып жазайық.

Балалар дойбы ..... Атам ..... суарды.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Келесі буынды жазайық.

Е ой ар

**2-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, тиісті суретке сәйкестіріп сызайық.



- Меруерт – сауыншы.
- Ауылда мал мол.
- Бат ат суарды.
- Балалар дойбы ойнады.

**3-тапсырма.** Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық.

**Бола**

**4-тапсырма.** Сұрақтарға ауызша жауап берейік.

- Болат неше жаста?
- Ол қайда демалды?
- Болат кіммен танысты?
- Олар қайда барды?

**5-тапсырма.** Әріптердің орнын ауыстырып, мағыналы сөз құрап жазайық.

а а л р - .....                      у с р т е - .....

г ш е е - .....                      м а а д - .....

д ы ы с - .....                      м с а й н а - .....

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат                      Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Мәтінді жатқа жазайық.

### Лашын

Анау – Лашын. Ол – шыншыл, шебер бала. Ал, анау досы – Арын. Олар – туыс. Лашын сырнай тартты. Арын домбыра шертті. Анау – анасы Алтын. Анасы шашу шашты. Балаларымен сырласты. Шынар мен Айдар олармен танысты.

**2-тапсырма.** Суреттің мазмұны бойынша шағын мәтін құрап айтайық.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат


Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Берілген әріптерден дауыссыз дыбыстарды тауып, бояйық.

а	о	т	р	е	й	ы	л	с	м
н	ы	д	ш	б	а	о	у	д	е
б	у	л	м	с	й	н	т	ш	р

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, үстінен басып жазайық.**3-тапсырма.** Өлеңді жаттап алайық.

Бәбектерім, оқы, ойна.  
 Оқу-білім саған пайда.  
 Кітабыңның шетін жыртып,  
 Сияменен бояп қойма.

Қолыңды жу, тырнағыңды ал,  
 Мұрныңды сұрт орамалмен.  
 Кешігіп қалмай мектепке бар,  
 Алысып жүрмей балалармен.

Ата-ана, мұғалімге  
 Қарсы келмей, әдепті бол.  
 Өтірік айтпа, үйрен шынға,  
 Тілейтінім – бір сенен сол.

(Мариям Хакімжанова)

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат


Өзіңді бағала:





Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат



- ✓ П, Қ, Ғ, ң, К дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты әртүрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.

**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.

Пл  
Қк  
Ғғ  
ңң  
Кк

**2-тапсырма.** Берілген әріптердің дауысты дыбысын ■ өңмен, дауыссыз дыбысын ■ өңмен бояйық.

ш	қ	о	д	к	л	е	т	ғ	н
п	р	м	а	с	ң	й	у	ы	б

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, сұрағы мен жауабын сәйкестіріп сызайық.

**Қайда?**

- |  |   |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қошақан қайда?</li> <li>– Қой қайда?</li> <li>– Қасқыр қайда?</li> <li>– Ай қайда?</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қасқыр далада.</li> <li>– Ай аспанда.</li> <li>– Қошақан қорада.</li> <li>– Қой аулада.</li> </ul> |
|--|---|

**4-тапсырма.** Дұрыс сөйлем болдырып жазайық.

кеш мектептен қайтты Кемел

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....


Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Суреттердің атаулары қай әріппен аяқталған? Сызық арқылы қосайық.



Қ                      П                      Ұ                      М                      К

**2-тапсырма.** Сөз құрап оқиық.



**3-тапсырма.** Түсіп қалған әріптерді тауып жазайық.

МЕ . ТЕП,      БАҚ .      Т . ҒА,      ҒА . ҰМ,      ҚАҢ . АҚ,  
 П . РТА,      СП . РТ,      . ҚЫН,      . АЛ,      ТЫ . АҚ

**4-тапсырма.** Өлеңдерді оқып, жаттап алайық.

**Бақбақ**

Ай-на-ла бат-пақ,  
 Қау-ла-ды бақ-бақ.  
 Бақ-ша-да ой-нақ сап,  
 Тас-та-ма тап-тап.

**Әдепті бала**

А-на ті-лін а-ла-мын,  
 Ә-ке ті-лін а-ла-мын.  
 Қарт-қа қам-қор бо-ла-мын.  
 Мен ә-деп-ті ба-ла-мын. (Е.Ашықбаев)

**5-тапсырма.** «Қоңырау» сөзінде неше дауыссыз дыбыс бар?

а. 3                      ә. 2                      б. 4

**6-тапсырма.** Шашылған буындардан сөз құрап оқиық.

KE                      ТЫ СЫР ҒА                      БЕК	ҚА                      МЕН ЛАҚ ЕР                      СА	РАҚ                      ТАР ЙЫҚ ШЫ                      ҚА
--	--	---

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат                      Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

1-тапсырма. Суреттің мазмұны бойынша шағын мәтін құрап айтайық. Мәтінге ат қояйық.



2-тапсырма. Мәтінді қатесіз, дауыстап оқиық.

### Спортшылар

Анау – шопандар аулы. Ауыл балалары – спортшы. Манап пен Осман – палуан. Алпамыс пен Шарапат доп ойнайды. Шолпан мен Перне – дойбышы. Олар – парасатты балалар. Осман мен Перне талай марапатталды.

3-тапсырма. Берілген сөйлемдерді қатесіз, таза, көркем жазайық.

*Перне спортшы болуды армандайды.*

*Спортшылар талай рет марапатталды.*

4-тапсырма. Спортқа қатысы бар сөздерді тауып, бояйық.

палуан

әнші

аспаз

дойбы

доп

ыдыс

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Суреттердің атауын жазып, сөйлем құрап айтайық.



.....

**2-тапсырма.** Әріптерден сөз құрап оқып, әртүрлі өңмен бояйық.

е	р	к	е	а	с	о	т	а	с
ң	т	е	а	л	а	ң	а	н	а
б	а	п	а	у	н	а	р	б	а
е	м	е	к	т	е	п	а	п	а
к	е	ш	е	н	е	у	қ	о	й

**3-тапсырма.** Жазбаша мәтінді қатесіз, дауыстап оқыық.

### Астана

*Мынау – астана Уланбаатар қаласы. Қала тау баурайында орналасқан. Қалада оқу орындары мол. Қайрат пен Қабыл сонда оқуда. Олар – студент. Қарақат ағасы Қайратқа қонаққа барды. Ол қарындасын қуана қарсы алды. Қайрат қарындасына қуыршақ сыйлады. Оған қарындасы қатты қуанды.*

**4-тапсырма.** «Қарақат» сөзі буынға қалай бөлінеді?

1. Қа-ра-қат

2. Қар-а-қат

3. Қара-қат

4. Қ-ара-қат

**5-тапсырма.** Сөз басына жазылмайтын әріпті табайық.

1. а

2. ғ

3. ң

4. қ

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐



Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

1-тапсырма. Сурет мазмұны бойынша шағын мәтін құрап айтайық.



2-тапсырма. Қ, К, П әріптерінен басталатын жануарларды ● өңмен бояйық. Олардың аттарын қатесіз, көркем жазайық.



Four sets of handwriting practice lines, each consisting of a solid top line, a dashed middle line, and a solid bottom line, with a vertical line on the left side of each set.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат      Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....


Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, үстінен басып жазайық.

Таға

Сағай атай мен Ғалым ағай таға соғады.  
 Олар соққан таға сапалы шығады. Шал-  
 қат пен Қалаған олардан таға сатып  
 алды. Алған тағасымен ат тағалады.  
 Тағалы ат табандармайды. Ғайша апай  
 оларға шай қайнатты.

**2-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, тиісті суретке сәйкестіріп сызайық.



Атам қой қайырды.

Ғалым таға соғады.

Орманда аңдар бар.

**3-тапсырма.** Өлеңдерді оқып, жаттап алайық.

**Қар**

Айналаң ақ айдын,  
 Аппағы-ай маңайдың.  
 Сыпырып тастайық,  
 Ауласын ағайдың.

**Жаңбыр**

Бұлттар неге ауады?  
 Жаңбыр қашан жауады?  
 Шөлдеді ғой ағаштар,  
 Шаң басты ғой ауаны.  
 (Ұ.Есдәулет)

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Әріптерден суреттегі заттардың атын тауып, бояйық.

ң	у	қ	о	й	о
е	т	а	у	ы	қ
л	о	р	а	ш	у
у	н	ғ	о	ң	ш
л	ғ	а	л	ш	ы
м	е	к	т	е	п



**2-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді қатесіз, таза, көркем жазайық.

Қасқыр қараңғыда малға шабады.

Ғалым ағай сапалы таға соғады.

**3-тапсырма.** Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық.



**Қорқақ қасқыр**


Ақ лақ қасқырды оңай қорқытты. Ол аңдар патшасы арыстаның басын бейнелейтін кеп тауып алды. Арыстан боп ырылдады. Алаңғасар қасқыр қатты шошыды. Сол маңайға баспайтын болды.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат



- ✓ І, Ө, Г, Ұ, Ж дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты түрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.

**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.

Handwriting practice lines with slanted guides. The first column contains the letters: *Іі*, *Өө*, *Гг*, *Ұұ*, *Жж*.

**2-тапсырма.** Дыбыстарды топтап жазайық.

а, ш, л, у, н, р, й, т, о, с, ы, д, м, е, б, п, қ, ғ, ң, к, і, ө, г, ұ, ж.

Дауысты дыбыстар	Дауыссыз дыбыстар
а, ...	ш, ...

**3-тапсырма.** Сөздерді салыстырып оқып, мағынасын түсініп алайық.

- |           |             |             |             |
|-----------|-------------|-------------|-------------|
| паш – пеш | бер – пер   | ғана – қана | от – өт     |
| пар – пер | бар – пар   | ағын – ақын | ота – өте   |
| сап – сеп | саба – сапа | баға – бақа | тос – төс   |
| тап – теп | арба – арпа | таға – тақа | орта – өрте |

**4-тапсырма.** Бейнесөзді шешіп, буынға бөліп жазайық.  
(Сурет атауларының бас әріптерін қосып оқимыз.)



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат


Өзіңді бағала: 😊  🤔



Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Суреттердің атауын жазып, сөйлем құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Сөздерді айтқанда дәл ортасында қандай дыбыс естіліп тұрғанын тауып, дөңгелектейік.

(төсек)

(бұлақ)

(көген)

(жауын)

ө к е с т

а л ұ қ б

н е ө к г

а н ж у ы

**3-тапсырма.** Жазбаша мәтінді қатесіз, дауыстап, түсініп оқиық.

*Мектеп*  
 Кемел мектепке алғаш барды. Ал ерекше шаттанды. Мектеп айналасы – тал, терек, құйың. Ауласы кең екен. Салтанатты мереке болды. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған балалар сыныбымен таңысты. Наусар құнырау соқты.

**4-тапсырма.** Алғашқы қоңырауды кім соқты?

1. Кемел

2. Каусар

3. Мұғалім

**5-тапсырма.** Мәтін неше сөйлемнен құралғанын тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

а. 5

ә. 4

б. 7

в. 6

**6-тапсырма.** «Мектеп» сөзінде неше дыбыс бар?

а. 5

ә. 4

б. 3

в. 6

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сурет бойынша шағын мәтін құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Мәтінді жатқа жазайық.

**Егін**

Анау – егін алаңы. Төлеген – егінші. Ол картоп, қырыққабат екті. Көкөніс жақсы шықты. Шеген мен Ерген картоп алуға көмектесті. Ал, Тілеген мен Гаусар арбамен қырыққабат тасыды.

Handwriting practice lines consisting of four columns of parallel lines. Each column has a solid top line, a dotted middle line, and a solid bottom line.

**3-тапсырма.** Сәйкес келетін сөздерді тауып, сызық арқылы қосайық.

Құс	жүрді.
Машина	маңырады.
Қой	ұлыды.
Қасқыр	ұшты.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, тиісті суретке сәйкестіріп сызайық.



Гүлім кітап оқыды.

Балалар картоп алуға көмектесті.

Ауылда ат жарысы болды.

**2-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, үстінен басып жазайық.

*Мұғалім*  
 Таура апай – мұғалім. Ол – парасатты,  
 сұлу, ұқыпты, ұлағатты адам. Сұртан  
 мен Мұрат осы сыныпта. Олар – ұжымтал  
 балалар. Мұғалім “ң” дыбысын ұқтырды.  
 Оқушылар ұғып алды.

**3-тапсырма.** Артық сөзді тауып, астын сызайық.

оқушы

жылқы

мұғалім

сынып

**4-тапсырма.** Өлеңдерді оқып, жаттап алайық.

**Торғай**

Мен торғаймын, торғаймын,  
 Суықта да тоңбаймын.  
 Құрт-құмырсқа, шіркейден,  
 Бау-бақшаны қорғаймын.  
 (Бауыржан)

**Қоразға**

Оятпа, қораз, сен бізді,  
 Өзім де сездім, таң атты.  
 Сенсіз-ақ білем мезгілді,  
 Үйреніп алдым сағатты.  
 (А. Сопыбеков)

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Әріптерден суреттегі заттардың атын тауып, бояйық.



б	ұ	л	т	ө	ж
ұ	ш	а	қ	у	е
ғ	а	г	б	е	м
ы	е	л	і	к	і
а	т	а	р	ы	с



**2-тапсырма.** Түсіп қалған әріптерді тауып жазайық.

ЕГ . У      ІЛ . ЕК      ШЕ . Е      М . РТ      ҰП . Й  
 ҰСТ .      ОЖ . У      Ж . РЫС      Ж . МБАҚ      ӨМ . Р

**3-тапсырма.** Сурет бойынша «Біздің отбасы» тақырыбында шағын мәтін құрап, айтайық.



**4-тапсырма.** «Өз орнын тап» ойыны. Берілген сөздерді тиісті ыдысқа салайық.

аспан      мұғалім      дос      балалар      қар      шеге

орамал      йод      ағаш      ауылда      дойбы

1 буынды сөз      2 буынды сөз      3 буынды сөз

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат      Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат



1-тапсырма. Ө, Ғ, Ж әріптерінен басталатын заттарды  еңмен бояйық.



2-тапсырма. Берілген сөз, сөйлемдерді қатесіз, таза, көркем жазайық.

Handwriting practice lines with the following text written in cursive:

- ішік
- өлең
- құрт
- егеу
- Жамбыл жұмбақ жарысына қатысты.

3-тапсырма. Берілген сөздердегі дауысты дыбысты  еңмен, дауыссыз дыбысты  еңмен бояйық.

ж ы л ғ а


б ұ л б ұ л

е р т е г і

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат Өзіңді бағала:   

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат



- ✓ Ү, З, И, Ә, Х дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты әртүрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.

**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.

**2-тапсырма.** Берілген әріптердің дауысты дыбысын ■ өңмен, дауыссыз дыбысын ■ өңмен бояйық.

ш	қ	о	д	к	л	е	т	ғ	н
п	р	м	а	с	ң	й	у	ы	б
і	г	ұ	ж	ө	х	и	з	ү	ә

**3-тапсырма.** Өлеңді оқып, жаттап алайық.

**Қыс**

Жапалақтап ала қар,  
 Жауды күнде қайталап.  
 Қырға шықты балалар,  
 Шаңғыларын арқалап.

Жұлдыз болып ағамыз,  
 Ақ мамықтың үстімен.  
 Біз спортшы боламыз,  
 Үлгі аламыз күштіден.




Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Суреттердің атауын жазып, сөйлем құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Жазбаша мәтінді қатесіз, дауыстап, түсініп оқиық.

*Әсем*

*Әсем – Исаның қарындасы. Өзі – үлгілі, ибалы да  
инабатты оқушы. Оның жақсы қасиеттері көп – ақ.  
Уақытын тиімді пайдаланады. Сабақтан қолы босаса, киім  
тілуді үйренеді. Қуыршағына арнап түрлі қиқылман  
киімдер тіледі. Оның икемділігіне ата – анасы риза болады.*

**3-тапсырма.** Мәтін неше сөйлемнен құралғанын тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

- а. 5                      ә. 4                      б. 7                      в. 6


**4-тапсырма.** «Қасиет» сөзінде неше дауысты дыбыс бар?

- а. 5                      ә. 4                      б. 3                      в. 6

**5-тапсырма.** Әріптердің орнын ауыстырып, мағыналы сөз құрап жазайық.

- И Т І Н – .....                      Е Т Ә Ш – .....
- А Т Х – .....                      К Ү І Т – .....
- З Қ Л ы ы – .....                      Т А Х Л А – .....

**6-тапсырма.** Ас бөлмесіне қатысты заттарды сызық арқылы қосайық.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат                      Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сурет бойынша шағын мәтін құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Мәтінді жатқа жазайық.

**Мұзда**

Ораз бен Заманбек мұзға барды. Мұздың беті айнадай таза. Мұзда отыздай бала ойнап жүр. Зайра мен Азат та осында екен. Олар шанамен сырғанауда. Зарқұм мен Мырзабек аққала жасады. Олар таза ауада көңілді демалды.

Handwriting practice lines consisting of four columns of slanted lines and horizontal lines, with dotted lines for tracing.

**3-тапсырма.** Аң, құс, жәндіктердің «баспаналарын» тауып, сәйкестіріп сызайық.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞



Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, тиісті суретке сәйкестіріп сызайық.



Әділ әдемі сурет салды.

Затай мен Зайра аққала жасады.

Дәрігер баланың денсаулығын тексерді.

**2-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, үстінен басып жазайық.

Әнші

Әсет ән салуға әуес-ақ. Оның бұл талла-  
бын әжесі мен әжесі құрдайды. Әсет әрбір  
өңнің сөзін әбден жаттап алуды әдетке  
айналдырған. Онан соң әуеніне жаттыға-  
ды. Ауылда оны “Әнші бала” деп атайды.

**3-тапсырма.** Сөйлемді толықтырып жазайық.

Өн айтатын адамды ..... дейді.

Би билейтін адамды ..... дейді.

Тігін тігетін адамды ..... дейді.

Жылқы бағатын адамды ..... дейді.

**4-тапсырма.** Өлеңді оқып, жаттап алайық.

Жалқаулықты тастаймыз,  
Жаттығуды бастаймыз.  
Қиынсынып қашпаймыз,  
Шынығамыз жастай біз.

Иілеміз оңға бір,  
Иілеміз солға бір.  
Қимылдайды әр сәтте,  
Аяқ та бір, қол да бір.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Әріптерден суреттегі заттардың атын тауып, бояйық.



Ү	а	л	т	ө	ж	х	а	л	й
т	ш	а	қ	у	е	а	с	ы	қ
і	а	ә	т	е	ш	т	а	ү	й
к	е	л	і	к	і	ә	н	ш	і
з	ы	р	ы	л	д	а	у	ы	қ



**2-тапсырма.** Берілген сөз, сөйлемдерді қатесіз, таза, көркем жазайық.

Үміт  
 заман  
 ыман  
 әсем  
 Халық халық ертегілерін көп оқиды.

**3-тапсырма.** Берілген сөздердегі дауысты дыбысты ■ өңмен, дауыссыз дыбысты ■ өңмен бояйық.

х а л а т

д ә п т е р


қ а р б ы з

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Ү, З, Ә әріптері кіріскен заттардың атын  өңмен бояйық.



**2-тапсырма.** Түсіп қалған әріптерді тауып жазайық.

К . ТЕЛ

К . РЕС

А . ЫҚ

Қ . ЫН

Ш . КІРТ

Т . УЛІК

А . МЕТ

МҰ . ИТ

**3-тапсырма.** Сөздерді қатесіз оқып, мағынасын түсініп алайық.

күміс  
күрес  
үскі  
үркіт

заман  
зақым  
сабаз  
қағаз

қасиет  
кепиет  
шиыр  
такси

тәулік  
шәкірт  
мәжіліс  
мәртебе

тарих  
асхана  
насихат  
сахна

**4-тапсырма.** Өліпбидегі екінші әріпті тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. а

2. ү

3. ә

4. б

**5-тапсырма.** Жұмбақтарды оқып, шешуін табайық.

**Жұмбақ**

Баласын ертіп соңына,  
Сүңгіп жүріп үйретті.  
Су жұқпайтын тонына,  
Кім біледі .....

Сәлем алып алыстан,  
Туысыңнан, таныстан.  
Келетұғын «хат», «хабар»  
Қай әріптен басталған?

**Шешуі:** .....

**Шешуі:** .....

**6-тапсырма.** Сәйкес сөздерді тауып, сызық арқылы қосайық.

Мектептің  
Оқушының  
Сыныптың  
Мұғалімнің

сөмкесі  
ауласы  
боры  
тақтасы

Ақылды  
Асау  
Салқын  
Асыл


самал  
зат  
бала  
тай

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала:   

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат



- ✓ Я, Ю, һ, Ф, Ё дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты түрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ **Й + А = Я    Й + У = Ю    Й + О = Ё**
- ✓ **Я, Ю, Ё – қосарлы дыбыстар.**

**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.

<p>Яя</p> <p>Юю</p> <p>Һһ</p> <p>Фф</p> <p>Ёё</p>	
---	--

**2-тапсырма.** Дыбыстарды топтап жазайық.

а, ш, л, у, н, р, й, т, о, с, ы, д, м, е, б, п, қ, ғ, һ, к, і, ө, г, ұ, ж, ү, з, и, ә, х, я, ю, ё, ф, һ.

Дауысты дыбыстар	Дауыссыз дыбыстар
а, ...	ш, ...

**3-тапсырма.** Өлеңді оқып, жаттап алайық.

**Құлын**

Құмға біткен қияқтай,  
 Тік шаншылған құлағы.  
 Қолдан құйған болаттай,  
 От шашады тұяғы.  
 Сен боларсың қазанат,  
 Мен болармын азамат.  
 Құрау-құрау, құлыным,  
 Желбіресін тұлымың!



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат
Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Суреттердің атауын жазып, сөйлем құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Берілген сөздердің жазылуын есте сақтап, үстінен басып жазайық.

тақия, қияр, таяз, ядро, жаяу, дария,  
қария, ұят, ою, юбка, тыю, жыю, сую, кую,  
қрһар, жрһан, жрһаз, гауһар, жрһангер,  
сейр, фрто, корр, дерис, фрнтан, мфрт,  
фрбрика, телерон, ёлка, актёр, шорёр,  
монёр, шартёр, театр, дирисжёр.

**3-тапсырма.** Мәтінді дауыстап, дұрыс, түсініп оқиық.

**Ұят**

Саяжан бірінші сыныпта оқиды. Ал, ағасы Саяхат – бесінші сыныптың оқушысы. Бірде Саяжан ағасының кітабын оқымақшы болды. Сөмкесінен рұқсатсыз алды. Суреттерін тамашалады. Қолына бояулы қарындаш, сиялы қалам алды. Қиярды жасыл, пиязды сары түстермен бояды. Кей жеріне сия төгіп алды. Мұны ағасы көріп, қатты ренжіді. Кітапқа дақ түсіруге болмайтынын түсіндірді. Саяжан қатты ұялды.

**4-тапсырма.** «Саяжан» сөзінде неше дыбыс бар?

а. 5

ә. 4

б. 7

в. 6

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Әріптерден сөз құрап оқып, әртүрлі өңмен бояйық.

т	е	л	е	г	р	а	ф	у	т
а	д	и	ю	л	а	к	о	ф	е
қ	к	ө	б	е	ю	а	т	о	н
и	м	и	к	р	о	ф	о	н	у
я	к	ж	а	һ	а	н	қ	о	ю

**2-тапсырма.** Жазбаша мәтінді қатесіз, дауыстап оқып, көшіріп жазайық.

*Ою*

*Ою – өрнекті сызып, оны ою – үлкен өнер. Оюдың сан ондаған түрі болады. Юра апай – шебер оюшы. Ол кісінің ақ пен қарадан қиыластырып ойған сырлағын әр үйдің төрінен көруге болады. Юра апай ою оюды балаларына да үйреткен.*

**3-тапсырма.** Қайсы сөз буынға дұрыс бөлінгенін тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

а. қию-лас-ты

ә. қи-ю-лас-ты

б. қию-ла-сты

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша берілген сөйлемдерді анықтап, дұрыс жауабын табайық.

Юра апай ою ояды.

а. иә

ә. жоқ

Ол ою оюды балаларына үйреткен жоқ.

а. дұрыс

ә. бұрыс

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

1-тапсырма. Я, Ю, Ё, Ф, Һ әріптері кіріскен заттардың атын  еңмен бояйық.



2-тапсырма. 1, 4, 7-суретке сөйлем құрап жазайық.

Handwriting practice lines consisting of a grid of horizontal and diagonal lines on a dotted background.

3-тапсырма. Өлеңді оқып, жаттап алайық.

**Ұя**

Ұя жасап тақтайдан,  
 Талға апарып байладым.  
 Жыл құсының шаттанған,  
 Күттім қашан сайрауын.  
 (Қ.Баянбаев)



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала:   

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сурет бойынша шағын мәтін құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Мәтінді дауыстап, дұрыс, түсініп оқиық.

**Болмасын соғыс!**

Гауһардың атасы – соғыс ардагері. Бұлтты күндері ескі жарасының орны сыздап, аһылап-үһілеп отырады.

– Соғыс болмасын, балам! – деп ауыр күрсінеді. Соғыста талай ерлер қаһармандықпен қаза тапқанын немерелеріне әңгімелеп береді. Аты елімізге мәшһүр Ікей сияқты баһадүрлердің ерлік істерін баяндайды. Отанын жаудан қорғаған қаһармандардың есімі мәңгі ұмытылмайды! Біз “Жер бетінде соғыс болмасын!” деп тілейміз.

**3-тапсырма.** Мәтіннің екінші сөйлемін көшіріп жазайық.

Handwriting practice lines consisting of four sets of horizontal lines with a dashed midline and a solid top line, each set starting with a diagonal line on the left.


Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞




Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, үстінен басып жазайық.**2-тапсырма.** Мәтінде не туралы айтылған?

1. әнші      2. биші      3. театр      4. актёр

**3-тапсырма.** Суретке сәйкес келетін сөйлемді тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. Балалар орманда доп ойнап жүр.
2. Балалар орманда саяхаттап жүр.
3. Балалар құстарға ұя жасап жатыр.

**4-тапсырма.** «Ұя» сөзінде неше әріп, неше дыбыс бар?

- а. 3 әріп, 2 дыбыс      ә. 2 әріп, 2 дыбыс      б. 2 әріп, 3 дыбыс

**5-тапсырма.** Қосарлы дыбыс қайсысы?


1. е      2. и      3. ё      4. о

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат





- ✓ В, Ч, Щ, Ц, Э дыбыстары мен әріптерін айтамыз, жазамыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді дұрыс оқимыз.
- ✓ Буын, сөз, сөйлем, мәтіндерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Осы дыбыстар мен әріптерге байланысты түрлі тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.

**1-тапсырма.** Төмендегі әріптерді таза, көркем жазайық.

**2-тапсырма.** Берілген дыбыстарды өз ұяшығына орналастырып жазайық.

а, ш, л, у, н, р, й, т, о, с, ы, д, м, е, б, п, қ, ғ, ң, к,  
і, ө, г, ұ, ж, ү, з, и, ә, х, я, ю, ё, ф, һ, в, ч, щ, ц, э.



**3-тапсырма.** Мақалдарды жаттап алайық.

Елің – панаң,  
Жерің – анаң.

Жатқанға жан жуымас,  
Жалқауға мал құралмас.

Ойнап сөйлесең де,  
Ойлап сөйле.

Еңбегің қатты болса,  
Татқаның тәтті болар.


Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😊

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Әріптерден суреттегі заттардың атын тауып, әртүрлі өңмен бояйық.



в	е	л	о	с	и	п	е	д	щ
а	о	р	а	м	а	л	д	л	ё
г	л	ц	и	р	к	а	л	у	т
о	э	ч	е	м	п	и	о	н	к
н	ч	е	м	о	д	а	н	а	а

**2-тапсырма.** Жазбаша мәтінді қатесіз, дауыстап, түсініп оқиық.

### Автобаза

Аймақ орталығында үлкен автобаза бар. Даваның ағасы сонда автомеханик болып жұмыстайды. Сенбі күні Даваа велосипедіне мініп, автобазаға барды. Онда Владимир де жүр екен. Екеуі базаны аралады. Базаның ауласы үлкенді-кішілі автомашинаға толы екен. Бір шетте автобустар, енді бір шетте сүйретпе валондар тізіліп тұр. Екеуі оларды ұзақ тамашалады.

**3-тапсырма.** Әріптердің орнын ауыстырып, мағыналы сөз құрап жазайық.

К Р И Ц – .....

Х И Р А В – .....

К Н А Р Э – .....

Т Е М Ц Н Е – .....

Ч Е Н Ч Е – .....

Щ О Б Р – .....

**4-тапсырма.** «Автобаза» сөзін буынға бөліп жазайық.

автобаза - / / / / /

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, тиісті суретке сәйкестіріп сызайық.



Щёткамен тіс тазалайды.

Чинбат чемпион атанды.

Экскаватормен жер қазады.

Жануарлар циркте өнер көрсетті.

**2-тапсырма.** Мәтінді дауыстап, дұрыс, түсініп оқиық.

### Концерт

Біздің мектепте “Арай” атты әсем клуб бар. Мұнда мұғалімдер конференциясы, оқушыларға арналған лекциялар жиі өтіп тұрады. Жас өнерпаздар концертті де үнемі ойналады. Атақты әншілер де келіп, өнер көрсетеді. Қазан айында әнші Цэлмүүн бастаған артистердің концертін тамашаладық. Олар әсем әндер, мың бұралған билермен қатар цирк нөмірлерін де көрсетті. Концерт оқушыларға қатты ұнады.

**3-тапсырма.** Нүктенің орнына тиісті сөзді тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

Біздің мектепте “Арай” атты әсем ..... бар.

1. қыз      2. клуб      3. оқушы      4. әнші


**4-тапсырма.** Концертті қай айда тамашалады?

1. наурыз      2. қаңтар      3. қазан      4. қараша

**5-тапсырма.** Концерт кімдерге ұнады?

1. әншілерге      2. мұғалімдерге      3. бишілерге      4. оқушыларға

**6-тапсырма.** Қай буынды жоғалттым? Ойланып, тауып жазайық.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Сурет бойынша шағын мәтін құрап жазайық.



Handwriting practice lines consisting of multiple rows of horizontal lines with a dashed midline and diagonal lines on the sides.

**2-тапсырма.** Түсіп қалған әріптерді тауып жазайық.

ВАН . А

. ОЛЕЙБОЛ

КАУ . УК

ТҰ . Ы

Ц . ФР

. ЛЕКТР

. КРАН

Э . ИР

**3-тапсырма.** Табиғатқа қатысты сөздерді тауып, бояйық.

орман      кілем      жел      асхана      халық      жаңбыр      найзағай

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Суреттер бойынша сөйлем құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Шашылған буындардан сөз құрап оқиық.

ЭК	ТҰ
	РАН
ЩЫ	АЛ

ФО	ТО
	БОЛ
КО	ФЕ

ҚА	ЖА
	БЫЗ
ҺАН	ҺАР

**3-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, үстінен басып жазайық.

*Электр энергиясы*  
 Электр энергиясы – дамыс көзі. Аймағымыз жоғарғы кернеулі электр энергиясы желісіне қосылған. Электр энергиясының келуі аймағымыз экономикасына елеулі әсерін тигізуде. Электр шамдарын күндіз-түні жағыр қояға болмайды.

**3-тапсырма.** Өлеңді оқып, жаттап алайық.

**Электр**

Жарықсың ғой, электр,  
 Алыпсың ғой, электр.  
 Сен үйіме келмесең,  
 Қызық кино көрмес ем.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😐

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Мәтінді дауыстап, дұрыс, түсініп оқиық.

**Чинбат**

Чинбат – Ачит өлкесінің түлегі. Ол – жас болғанымен, елімізге танымал палуан. Ұлттық күрестен “Аймақтық лашын” атағы бар. Өткен жылы еркін күрестен “Аймақ чемпионы” атанды. Республикалық чемпионатта қола жүлдені еншіледі. Газеттерде ол туралы очерктер жарияланды. Болашағы зор палуан екендігі паш етілді.

**2-тапсырма.** Мәтінді жатқа жазайық.

**3-тапсырма.** «Палуан» сөзінде неше әріп, неше дыбыс бар?

а. 5 әріп, 5 дыбыс

ә. 5 әріп, 6 дыбыс

б. 6 әріп, 6 дыбыс

**4-тапсырма.** Сәйкестіріп сызайық.



жауды

ұлыды

мөңіреді

ұшты

**5-тапсырма.** Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

**Жұмбақ**

Төрт аяқты чемодан,  
Мүйізі бар қадаған.  
Естімейді, сөйлейді,  
Ішіндегі көп адам.


Шешуі: .....

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат




- ✓ **Ъ** – жуандық белгісі
- ✓ **Ь** – жіңішкелік белгісі
- ✓ Ъ, Ъ белгілерін қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Ъ, Ъ белгілеріне байланысты әртүрлі тапсырмалар орындаймыз.

**ЕСКЕРТУ:**

- ✓ **Ъ, Ъ** белгілері сөз басында жазылмайды.
- ✓ **Ъ, Ъ** белгілері сөздің ортасында және аяғында жазылады, бірақ оқылмайды.
- ✓ **Ъ, Ъ** белгілері әріп санына қосылады да, дыбыс санына қосылмайды.





**Мысалы:** альбом – 6 әріп, 5 дыбыс

**1-тапсырма.** Төмендегі белгілерді таза, көркем жазайық.



**2-тапсырма.** Берілген әріптерді өз ұяшығына орналастырып жазайық.

х, й, ф, и, ч, о, ц, ь, к, щ, ё, а, ъ, я, ө, һ, ә, ю, э, п, в.

 Дауысты дыбыс	 Дауыссыз дыбыс	 Қосарлы дыбыс	 Белгі
---	--	--	--

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат


Өзіңді бағала: 😊  🤔




Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Суреттердің атауын жазып, сөйлем құрап айтайық.



**2-тапсырма.** Сөздердің жазылуын есте сақтап, үстінен басып жазайық.



**3-тапсырма.** Өлеңді оқып, жаттап алайық.

**Мультфильм**

Көз алдымда экран,  
Көз алмастан отырғам.  
Қандай қызық мультфильм,  
Қасқыр айтып жатыр ән!

Асқақтатып ол әнін,  
Созып барып тоқтады.  
Қошеметтеп қонағын,  
Қасқырды Аю мақтады.



**4-тапсырма.** «Мультфильм» сөзінде неше әріп, неше дыбыс бар?

а. 10 әріп, 10 дыбыс

ә. 10 әріп, 8 дыбыс

б. 10 әріп, 9 дыбыс

**5-тапсырма.** «Компьютер» сөзі буынға қалай бөлінеді?

1. ком-пью-тер

2. компь-ю-тер

3. компь-ютер

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Өзіңді бағала: 😊  😞

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ... сағат

**1-тапсырма.** Мәтінді дауыстап, дұрыс, түсініп оқиық.

**Біздің үй**

Біз бес қабатты үйде тұрамыз. Үй қала шетінде разъездге жақын орналасқан. Онда төрт подъезд бар. Менің досым Сара бірінші подъезде тұрады. Самат пен Хамит екінші подъезде. Ал, біз үшінші подъездеміз. Подъездерді таза ұстаймыз. Үйге жақын жерде түрлі құрылыс объектілері бар.

**2-тапсырма.** Қайсы сөз буынға дұрыс бөлінгенін тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. о-бъек-ті-лер    2. об-ъек-ті-лер    3. объект-ті-лер    4. объекті-лер


**3-тапсырма.** «Разъезд» сөзінде неше әріп, неше дыбыс бар?

- а. 7 әріп, 7 дыбыс                      ә. 6 әріп, 6 дыбыс                      б. 7 әріп, 6 дыбыс

**4-тапсырма.** Мәтіннен кісі аттарын теріп жазайық.



**5-тапсырма.** Суретке сәйкес келетін сөйлемді тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.



1. Біздің подъезд әрі жылы, әрі жарық.  
2. Біз қараңғы подъезде тұрамыз.  
3. Біздің подъезд өте нашар.

**6-тапсырма.** Дұрыс сөйлем болдырып жазайық.

бар, маңда, лагерь, Жақын



**7-тапсырма.** «Өз орнын тап» ойыны. Берілген сөздерді тиісті ыдысқа салайық.

цирк    альбом    ацы    циркуль    сейф    чемпион

каратэ    цех    лекция    концерт    лагерь

1 буынды сөз    2 буынды сөз    3 буынды сөз

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ..... күн ... сағат                      Өзіңді бағала: 😊  🤔

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: .... жыл ... ай ... күн ... сағат



- ✓ Жатжазуды қатесіз, таза, көркем жазамыз.
- ✓ Тапсырмаларды мұқият оқып, қатесіз орындаймыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді жатқа жазайық.

### Әже

Саят пен Самат әжесін жақсы көреді. Оларға әжесі қызықты ертегі айтып береді. Саят дүкеннен әжесіне сүт, нан, май әкеліп береді. Самат әжесінің бөлмесін жинайды. Үшеуі саябаққа жиі барып тұрады. Онда олар демалады. Үйде әжей бос отырмайды. Немерелеріне тақия тігіп береді.

Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal lines with a dashed midline and a solid top line, each set starting with a diagonal line for a slanted stroke.

**2-тапсырма.** Төмендегі сөздерде неше әріп, неше дыбыс бар?

шаян- ... әріп, ... дыбыс      оқушы- ... әріп, ... дыбыс      лагерь- ... әріп, ... дыбыс

**3-тапсырма.** Берілген сөздерді буынға бөліп жазайық.

Қария- .....      орамал- .....      өрмекші- .....

**4-тапсырма.** Кесте бойынша сөйлем құрап жазайық.

\_\_\_\_\_ .

**5-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, тиісті жауабына сәйкестіріп сызайық.

- |                                     |          |
|-------------------------------------|----------|
| Сабақ үйрететін адамды кім дейді?   | аспаз    |
| Машина жүргізетін адамды кім дейді? | ғарышкер |
| Ас пісіретін адамды кім дейді?      | мұғалім  |
| Ғарышқа ұшатын адамды кім дейді?    | тізгінші |

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн ... сағат

Оқушының аты-жөні: .....

Тапсырмаларды орындап, «Ертегілер еліне» саяхаттайық.



**5**

Сөйлемдерді оқып, тиісті жауабына сәйкестіріп сызайық.

Мұғалімнің бағалауы: 😊  😞

Өзіндік бағалау: 😊  😞

**4**

Кесте бойынша сөйлем құрап жазайық.

Мұғалімнің бағалауы: 😊  😞

Өзіндік бағалау: 😊  😞

**3**

Сөздерді буынға бөліп жазайық.

Мұғалімнің бағалауы: 😊  😞

Өзіндік бағалау: 😊  😞

**2**

Сөздерде неше әріп, неше дыбыс бар?

Мұғалімнің бағалауы: 😊  😞

Өзіндік бағалау: 😊  😞

**1**

Мәтінді жатқа жазайық.

Мұғалімнің бағалауы: 😊  😞

Өзіндік бағалау: 😊  😞